

МЕЙІРБИКЕЛІК ІСТІ ЖЕТІЛДІРУ ОРТАЛЫҒЫ МЕН БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МЕКЕМЕЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ЖАҚСARTУ

«Білім мен дағдылар ған тек қана а адмнан адамға беріледу. Қызметтің кез-келген саласында әр табысты адам артында әрдайым ұстаз бар, әрдайым тәлімгер бар»
Шунаева Б.К., Бердиева Г.К., Бошенятова О.В. Батыс-Қазақстан Жоғарғы медициналық колледж

Кіріспе

ЕПМ мен колледждер анасындағы әлеуметтік серіктестік студенттердің кәсіби құзырлығын қалыптастырудың маңызды факторы. Әлеуметтік-экономикалық жағдай орта кәсіби білім беру жүйесінен сапасы бәсекелестікке қабілетті, инициативті, құзырлы, іскерлі, жоғары санатты, коммуникабельді, іскерлік қарым-қатынас орнату дағдылары бар, қазіргі өзгерістерге тез бейімделетін, заманауи техника мен жабдықтарды игеретін, күрделі жағдайларды талдайтын және жауапты шешім қабылдай алатын, өзінің санаттылығы мен білімін тұрақты жетілдіретін жаңа мамандар дайындауды талап етеді. Осындай қызметтестік тәжірибе біздің колледжде бар. Облыстың 41 медициналық мекемесі, оның 13-і аудандық және 28-і қалалық салалық медициналық мекемелер колледждің әлеуметтік партнері.

Жұмыс мақсаты:

Батыс Қазақстан Жоғарғы медициналық колледждің әлеуметтік партнерлері жұмысы мазмұны мен жұмыс түрлерін талдау.

Негізгі бөлім

Колледждің санаттылықты көтеру бөлімі әртүрлі медициналық салалық мекемелерде-әлеуметтік партнерлерде: емханаларда, перинатальды орталықта, облыстық клиникалық ауруханада, қалалық көпсалалы клиникалық ауруханада 91 менторлар дайындалды. Менторларды оқыту қазіргі кезде өте маңызды. Себебі жаңа Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты 2020 жылы клиникалық практикада әртүрлі клиникалық базалар менторлары оқытатын 6095 бюджеттік және 3480 коммерциялық сағаттар бар. Колледжде мейірбикелік істі жетілдіру Орталығы бар. Орталық мақсаты: медициналық білім беру мен БҚО-ның практикалық денсаулық сақтау мекемелерін «Өмір бойы білім алу» идеясын іске асыру ісін интеграциялау. Орталық талабы клиникалық базаларда медициналық мейірбикелердің кәсіби құзырлығын көтеру және оны жоғары деңгейде ұстау.

Қортынды

Батыс Қазақстан Жоғарғы медициналық колледжді бітірушілер қала мен облыстың еңбек рыногында жоғары сұранысқы ие. Батыс Қазақстан Жоғарғы медициналық колледждің әлеуметтік партнерлік қызметі нәтижесі мынадай: әр оқушыға жеке білім алу траекториясы мен қажетті кәсіби дайындықты қалыптастыруға мүмкіндік беру, колледж бітірушілердің кәсіби құзырлығына еңбек рыногының сұранысын және кәсіби білім беру аясы мазмұнын ескеру; кәсіби икемділікке жағдай жасау; кәсіби мамандарды даярлауға бөлінген бюджет қаражатын тиімділеу пайдалану.

Орталық мына мектептерден тұрады

- 1 Школа «**Лидерство**» - ответственные главная медицинская сестра ГКП на ПХВ «Городская поликлиника №2» Есляшова Д.М. и преподаватель специальных клинических дисциплин колледжа Трунова Н.В.
- 2 Школа «**Сестринских исследований**» – ответственные главная медицинская сестра ГКП на ПХВ «Областная многопрофильная больница» Бошенятова О.В и преподаватель специальных дисциплин колледжа Гусманова Л.К.
- 3 Школа «**Менторство**»- ответственные старшая медицинская сестра отделения эндокринологии ГКП на ПХВ «Областная многопрофильная больница» Кузенова Н.Х. и преподаватель специальных дисциплин колледжа Бердиева Г.К.
- 4 Клуб «**Волонтеров**»- ответственные главная медицинская сестра ГКП на ПХВ «Городская многопрофильная больница» Карагузова Г.А. и преподаватели специальных дисциплин колледжа Жапашева И.А, Сариева К.Х., Жумина Г.Е.

Талқылау

1. Емдеу-профилактикалық мекеме өкілдері Мемлекеттік санаттық комиссия жұмысына, өндірістік практика қортындысын қортындылауға қатысады. Осының өзі біздің оқу орынын бітірушілердің кәсіби дайындығы туралы терең білуге мүмкіндік береді.
2. Әлеуметтік партнерлікті тереңдету жас мамандардың дайындық деңгейін көтеруге ықпал етеді және оқу бітірушілерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Осы мақсатта БҚО емдеу-профилактикалық мекемелері үшін колледжде мейірбикелік істің өзекті мәселеріне арналған конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады, жас мамандарды дайындауға арналған медициналық мекемелердің алғашқы звеносыда профилактикалық қызметті ұйымдаструға арналған біріккен кеңестер өткізіледі.
3. Келісім-шарт мазмұнына сәйкес облыстың медициналық мекемелері кез-келген ауруханалар құрылымында практикалық оқытудың барлық түрлерімен қамтамасыз етуге және базалық медициналық орталықтардың жабдықтары мен аспаптарын пайдалану құқығына мүмкіндік жасады.
4. Соңғы үш жыл бойы «Емдеу ісі» мамандығының «Фельдшер» санаты бойынша колледжде оқытудың дуальды жүйесі енгізілді. Дуальды жүйемен оқыған барлық оқу бітірушілер «Облыстық жедел медициналық жәрдем» мекемесіне жұмысқа орналастырылды.
5. Қортынды аттестацияда 2019/2020 оқу жылында барлық мамандықтар бойынша өткен оқу жылына қарағанда білімнің сапалық көрсеткіші практикалық дағдылар бойынша жоғарлады және 100%-ға жетті. НЦНЭ бағалауы бойынша біздің колледж 2018/2019 оқу жылында үшінші орынға ие болды және орташа балл 87,1% құрады, ал 2019/2020 оқу жылында НЦНЭ бағалауы бойынша «Емдеу ісі» және «Мейірбикелік іс» мамандықтарында оқытудың практикалық бөлімінен білім сапасынан біздің колледж көшбасшылар тобына енді.
6. Биылғы жылы елімізде және аймақтағы пандемияға байланысты облыстық денсаулық сақтау мекемесі колледж бітірушілерді алдын ала жұмысқа бөлді. Оқу бітірушілерді жұмысқа орналастыру 2019/2020 оқу жылында 88,1%-ға тең болды. ГЦВП деректері бойынша қыркүйек айы басында расталған колледж бітірушілерді жұмысқа орналастыру соңғы жылдары тұрақты 85%-дан жоғары деңгейде.

Әдебиет

1. ҚР-да мейірбикелік істі дамытудың кешенді жоспары.
2. Қолданбалы және академиялық бакалавриатта оқитын «Қазақстандағы мейірбикелік іс» мамандығы бойынша студенттердің клиникалық практикасына жетекші.
3. ҚР БҒМ 26.01.2016 жылға №107 бұйрығы «Кәсіби практиканы ұйымдастыру және өткізу мен мекемелерді анықтау Ережелерін бекіту туралы»
4. (мекемелер) орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіби практиканың базаларын анықтау.